



## Қазақстан Республикасында теле- және радиоарналарын пайдалану құқығына конкурстар өткізу жөніндегі комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 13 қаңтар N 9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.07. N 522 қаулысымен. ~P000522

Мемлекеттік басқару органдарының құрылымдарындағы өзгерістерге және теле-радио эфирін тәртіпке келтіру жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізу қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының теле- және радиоарналарын пайдалану құқығына конкурстар өткізу жөніндегі комиссия мына құрамда құрылсын:

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі, Комиссияның төрағасы

Өтембаев І.Ә. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Почта және телекоммуникациялар жөніндегі департаментінің директоры, Комиссия төрағасының орынбасары

Сәрсенбаев Н.Ә. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының - Қазақстан Республикасы министрінің орынбасары, Комиссия төрағасының орынбасары

Әбілғазин Д.Р. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет департаментінің директоры

Аманбаев М.Е. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Сараптық-талдау бөлімінің меңгерушісі

Уәіісов М.Қ. - Қазақстан Республикасының Әділет  
вице-министрі

Гурский А.С. - Қазақстан Республикасының Ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінің Бұқаралық  
ақпарат құралдары департаментінің директоры

Мәжренов Ж.Р. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті төрағасының орынбасары (келісім  
бойынша)

Мұхамеджанова Н. - "Интерньюс" халықаралық ұйымының  
Қазақстандағы өкілдігі директорының  
орынбасары

Орынбеков М.О. - Қазақстан Республикасының Қорғаныс  
министрлігі Байланыс департаментінің бастығы

Рысқұлов А.Р. - "Қазтелерадио" республикалық мемлекеттік  
казыналық кәсіпорнының бас директоры

Сақыпов Н.З. - "Кателко" акционерлік қоғамының президенті

Сейілов Ш.Ж. - "Алматы радиотеледидар хабарын беру  
станциясы" республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының бас директоры

2. Комиссия Қазақстан Республикасындағы телерадиоарналарын  
пайдалану құқығына конкурс өткізуді жалғастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса беріліп отырған тізбеге  
сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 13 қаңтардағы

№ 9 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған  
кейбір шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Радиожиілігі спектрін пайдалану құқығына конкурс-аукцион өткізу жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 желтоқсандағы № 1523 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 желтоқсандағы № 1523 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 ақпандағы № 272 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 желтоқсандағы № 1523 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 сәуірдегі № 677 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 желтоқсандағы № 1523 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 шілдедегі № 1046 қаулысы.